

"Республикалық және өнірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 75 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 415 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 желтоқсанда № 25890 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 6 қарашадағы № 526-НҚ бұйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 06.11.2024 № 526-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Республикалық және өнірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 75 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14886 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

A. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрі  
2021 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 415 Бұйрыққа  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрінің  
2017 жылғы 28 ақпандағы  
№ 75 бұйрығымен  
бекітілген

## **Респубикалық және өнірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Респубикалық және өнірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бұқаралық ақпарат құралдары турали" Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – Зан) 4-3-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және респубикалық және өнірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібін айқындаиды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) респубикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыруды ұйымдастыруышы (бұдан әрі – респубикалық деңгейде ұйымдастыруышы) – ақпарат саласындағы уәкілетті органның ведомствосы;

2) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс – мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қызметтер көрсетуге арналған тапсырыс;

4) үміткер – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындауға өтінім берген заңды тұлға;

5) синопсис – жобаның өзіндік ойы мен идеялығын, сондай-ақ оның тақырыптық бағытқа (идеологиялық міндетке) және үміткердің аудиториялық көрсеткіштеріне сәйкестігін көрсететін мазмұнын баяндау (бір парап шегінде).

## **2-тарау. Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібі**

3. Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс (бұдан әрі – республикалық тапсырыс) мынадай субъектілер түрлеріне:

- 1) мерзімді баспа басылымдарына;
- 2) теле -, радиоарналарға;
- 3) интернет-ресурстарға беріледі.

4. Уәкілетті орган қызметі Заңның 4-6-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін ережеге сәйкес жүзеге асырылатын Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияны (бұдан әрі – Республикалық комиссия) құрады.

5. Республикалық комиссия жыл сайын, 10 желтоқсанға дейін республикалық деңгейде ұйымдастырушы ұсынған ұсыныстар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақпараттық саясатының басым бағыттарын ескере отырып, республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатың тақырыптық бағыттарының алдағы күнтізбелік жылға арналған тізбесін бекітеді.

6. Республикалық комиссия күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік ақпараттық саясатының басым бағыттарын ескере отырып, республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатың тақырыптық бағыттарының тізбесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

7. Республикалық деңгейде ұйымдастырушы республикалық тапсырыстың өткізілетін күніне дейін кемінде он екі жұмыс күні бүрын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарын және көлемін қоса бере отырып, уәкілетті органның интернет-ресурсында республикалық тапсырысты өткізу туралы ақпараттық хабарды орналастырады.

8. Үміткер республикалық тапсырысқа қатысу үшін ақпараттық хабар орналастырылғаннан кейін келесі күннен бастап он бір жұмыс күн ішінде осы

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді (бұдан әрі – өтінім), сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

9. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған республикалық тапсырысқа қатысуға өтінім бар конверт ашылмайды. Егер өтінім салынған конвертте оны берген адам туралы ақпарат, сондай-ақ пошталық мекенжайы көрсетілген жағдайда, ұйымдастыруши осы өтінімді республикалық деңгейде үміткерге қайтарады.

Үміткердің толық атауы мен пошталық мекенжайы көрсетілмей ұсынылған республикалық тапсырысқа қатысуға өтінім бар конверт ашылмайды және қүнтізбелік жыл бойы сакталуы тиіс.

10. Республикалық деңгейде ұйымдастыруши:

1) қатысуға өтінімдері бар конверттерді қабылдайды;

2) республикалық тапсырысқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін оны кері қайтарып алған жағдайда, қатысуға өтінімді қайтаруды қамтамасыз етеді.

11. Өтінімдерді қабылдау мерзімі өткенге дейін қабылданған өтінімдер жазбаша түрде кері қайтарылып алынуы мүмкін. Республикалық тапсырысқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама үміткер қол қойған және мөрмен (бар болған кезде) бекітілген республикалық деңгейде ұйымдастырушиның атына еркін өтініш түрінде ресімделеді.

12. Республикалық тапсырысқа қатысуға өтінімді ұсыну мерзімі өткеннен кейін оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

13. Республикалық комиссия өтінімдер бар конверттерді тапсырысты орналастыруды өткізу туралы ақпараттық хабарда көрсетілген мерзімде және орында алған жағдайда, өтінімдер бар конверттерді ашады және ашу хаттамасын ресімдейді.

14. Қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамасына отырыста Республикалық комиссияның төрағасы мен қатысып отырған мүшелері қол қояды.

15. Ашу хаттамасына қол койылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінім мен құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкестігі тексеріледі.

Республикалық тапсырысқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына отырыста Республикалық комиссияның төрағасы мен отырысқа қатысып отырған мүшелері қол қояды.

16. Өтінім мен құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес келмеген жағдайда, республикалық деңгейде ұйымдастыруши алдын ала

рұқсат беру хаттамасына қол қойған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде үміткердің өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайына алдын ала рұқсат беру хаттамасынан үзінді көшірмені қоса бере отырып, хабарлама жібереді.

Үміткер хабарламаға сәйкес пысықтаған өтінім мен құжаттар тізбесін оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

17. Бұрын ұсынылған өтінімге және хабарламада көрсетілмеген құжаттар тізбесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілмейді.

18. Республикалық деңгейде ұйымдастырушы хабарлама алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде үміткер пысықтаған өтінім мен құжаттар тізбесін қабылдайды, сондай-ақ Республикалық комиссияның қарауына ұсынады.

Хабарлама бойынша өтінім мен құжаттар тізбесі пысықталмаған жағдайда өтінім мен құжаттар тізбесі үміткерге қайтарылады.

19. Барлық өтінімдер мен құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес келген жағдайда республикалық тапсырысқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді.

20. Үміткер пысықтаған өтінімді және құжаттар тізбесін алған кезде Республикалық комиссия екі жұмыс күнінен кешіктірмей республикалық тапсырысқа қатысуға рұқсат беру хаттамасын қалыптастырады, онда республикалық тапсырысқа қатысуға жіберілген, өтінім берген үміткерлерді және осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларда белгіленген және осы Қағидалардың 18-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген негіз бойынша жіберілмеген құжаттар тізбесін айқындаиды.

21. Республикалық тапсырысқа қатысуға рұқсат беру хаттамасына отырыста Республикалық комиссияның төрағасы және қатысып отырған мүшелері қол қояды.

22. Республикалық комиссия республикалық тапсырысқа қатысуға рұқсат беру хаттамасы ресімделген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, отырыста республикалық тапсырысқа үміткерлерді осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты көрсетуге телеарналарды, радиоарналарды, мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды айқындауға арналған балдық бағалау бойынша бағалайды.

23. Осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты көрсетуге телеарналарды, радиоарналарды, мерзімді баспа басылымдарын, интернет-ресурстарды айқындауға арналған балдық бағалауға сәйкес республикалық тапсырыс үміткердің шығармашылық ұсынысы жеңімпазды айқындау үшін шешуші өлшемшарт болып табылады.

Шығармашылық ұсыныстың мәлімделген тақырыптық бағыттарға сәйкес келмеуі республикалық тапсырысты алудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

24. Республикалық комиссияның балдық бағалау нәтижелері бойынша мерзімді баспасөз басылымдары мен интернет-ресурстар арасында бір тақырыптық бағыт бойынша республикалық тапсырыстың көлемі бір және/немесе бір мезгілде бірнеше үміткерге бөлінеді.

Республикалық комиссияның балдық бағалау нәтижелері бойынша теле-, радиоарналар арасында республикалық тапсырыстың көлемі бір тақырыптық бағыт бойынша бір үміткерге бөлінеді.

Мерзімді баспасөз басылымдары мен интернет-ресурстар арасындағы республикалық тапсырыс әрбір жеңімпаздың жинаған балдарының пайыздық қатынасында балдық бағалауға сәйкес бір тақырыптық бағыттың жеңімпаздары арасында бөлінеді.

25. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша рұқсат беру хаттамасы ресімделген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытындылардың алдын ала хаттамасы ресімделеді және оған республикалық комиссияның төрағасы мен қатысып отырған мүшелері қол қояды.

Республикалық деңгейде ұйымдастыруыш республикалық тапсырысты алмаған үміткерлерге қорытындылар хаттамасын қалыптастырғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қорытындылардың алдын ала хаттамасынан үзінді көшірмені қоса бере отырып, республикалық тапсырысты беруден бас тарту себептерін көрсете отырып, үміткердің өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайына хабарлама жібереді.

26. Үміткерлер хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұрын хабарлама жіберілген электрондық мекенжайға қорытындылардың алдын ала хаттамасына қарсылықтарын ұсынады.

27. Қорытындылардың алдын ала хаттамасына қарсылықтар болған кезде Республикалық комиссия бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) үміткерлерден қорытындылардың алдын ала хаттамасына негізделген қарсылықтар келіп түсken жағдайда, қорытындылар хаттамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) қорытындылардың алдын ала хаттамасына қарсылықтар оларды қабылдамаудың негізdemelerі мен себептерін көрсетіле отырып қабылдамайды.

28. Шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытындылардың түпкілікті хаттамасы ресімделеді.

29. Қорытындылардың хаттамасына отырыста Республикалық комиссияның төрағасы мен отырысқа қатысып отырған мүшелері қол қояды.

30. Респубикалық комиссия шешімінің қорытындылары бойынша респубикалық тапсырыстың женімпаздарымен қорытындылар хаттамасына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде респубикалық тапсырысты өткізуге шарт жасалады.

31. Респубикалық тапсырыс мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) респубикалық тапсырысқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайда;

2) егер респубикалық тапсырысқа қатысуға бірде бір үміткер жіберілмеген болса, орналастырмады деп танылады.

32. Респубикалық тапсырыс орналастырмады деп танылған жағдайда, респубикалық деңгейдегі ұйымдастыруши осы Қағидалардың 7-29-тармақтарына сәйкес респубикалық тапсырысты қайтадан орналастыруды жүзеге асырады.

### **3-тaraу. Өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібі**

33. Өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс (бұдан әрі – өнірлік тапсырыс) мынадай субъектілер түрлеріне:

- 1) мерзімді баспа басылымдарына;
- 2) теле -, радиоарналарға;
- 3) интернет-ресурстарға беріледі.

34. Өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыруды ұйымдастыруши (бұдан әрі – өнірлік деңгейде ұйымдастыруши) – облыстың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органы болып табылады;

35. Өнірлік деңгейде ұйымдастыруши қызметі Заңның 4-6-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін үлгілік ережеге сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өнірлік комиссияны (бұдан әрі – Өнірлік комиссия) құрады.

36. Облыстың жергілікті атқарушы органы ауданының (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары үшін өнірлік деңгейде ұйымдастыруши ретінде әрекет етеді және облыс бойынша бірыңғай өнірлік тапсырысты орналастырады.

37. Өнірлік деңгейде ұйымдастыруши мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ұсыныстары негізінде алдағы күнтізбелік жылға арналған өнірлік деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының бірыңғай тізбесін қалыптастырады және жыл сайын 20 қарашадан кешіктірмей Өнірлік комиссияның қарауына жібереді.

Егер облыстың жергілікті атқарушы органды ауданын (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары үшін өнірлік деңгейде ұйымдастыруши ретінде әрекет еткен жағдайда, олардың ұсыныстары ескеріледі, оларды жыл сайын 10 қазанға дейін жібереді.

38. Өнірлік комиссия өнірлік деңгейде ұйымдастырушиның ұсыныстары негізінде жыл сайын 20 желтоқсанға дейін өнірлік деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының алдағы күнтізбелік жылға арналған тізбесін Республикалық комиссияның қарауына жібереді.

39. Республикалық комиссия жыл сайын, 25 желтоқсанға дейін өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының алдағы күнтізбелік жылға арналған тізбесін қарайды және өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттары тізбесінің мемлекеттік ақпараттық саясаттың басым бағыттарына өзектілігі және оның республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесіне сәйкестігі жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

40. Өнірлік комиссия өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесі жөнінде ұсыныстар алған кезде оған өзгерістер енгізеді және жыл сайын, 10 қантарға дейін өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының алдағы күнтізбелік жылға арналған тізбесін бекітеді және бекітілген өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттары тізбесінің көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

41. Өнірлік комиссия күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақпараттық саясатының басым бағыттарын ескере отырып, өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесіне өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды Республикалық комиссияның қарауына енгізеді.

42. Республикалық комиссия ұсыныстарды алған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде өнірлік деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесін қарайды және ұсыныстар әзірлейді.

43. Өнірлік комиссия өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесі жөнінде ұсыныстар алған кезде, оны алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарының тізбесіне өзгерістер енгізеді және өнірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясаттың бекітілген тақырыптық бағыттары тізбесінің көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

44. Өнірлік деңгейде ұйымдастыруши оның өткізілетін күніне дейін кемінде он екі жұмыс күні бұрын осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша өнірлік деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттарын

және көлемдерін қоса бере отырып, өңірлік тапсырысты өткізу туралы ақпараттық хабарды өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

45. Өңірлік тапсырысқа қатысу үшін үміткер ақпараттық хабар орналастырылғаннан кейін келесі күннен бастап он бір жұмыс күні ішінде өтінімді, сондай-ақ осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

46. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған өңірлік тапсырысқа қатысуға өтінім бар конверт ашылмайды. Егер өтінім бар конвертте оны берген адам туралы ақпарат, сондай-ақ пошталық мекенжайы көрсетілген жағдайда, ұйымдастыруши бұл өтінімді өңірлік деңгейде үміткерге қайтарады.

Үміткердің толық атауы мен пошталық мекенжайы көрсетілмей ұсынылған өңірлік тапсырысқа қатысуға өтінім бар конверт ашылмайды және күнтізбелік жыл ішінде сақталуға тиіс.

47. Өңірлік деңгейде ұйымдастыруши:

- 1) қатысуға өтінімдер бар конверттерді қабылдайды;
- 2) өңірлік тапсырысқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін оны кері қайтарып алған жағдайда қатысуға өтінімді қайтаруды қамтамасыз етеді.

48. Өтінімдерді қабылдау мерзімі өткенге дейін қабылданған өтінімдер жазбаша түрде кері қайтарылып алынуы мүмкін. Өңірлік тапсырысқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама үміткер қол қойған және мөрмен (ол болған кезде) бекітілген жергілікті атқарушы органның атына ерікті өтініш түрінде ресімделеді.

49. Өңірлік тапсырысқа қатысуға өтінімді ұсыну мерзімі өткеннен кейін оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

50. Өңірлік комиссия өтінімдер бар конверттерді тапсырысты орналастыруды өткізу туралы ақпараттық хабарларда көрсетілген мерзімде және орында алған жағдайда оларды ашады және ашу хаттамасын ресімдейді.

51. Қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамасына отырыста Өңірлік комиссияның тәрағасы мен отырысқа қатысып отырған мүшелері қол қояды.

52. Ашу хаттамасына қол койылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінім мен құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 2 және 5-қосымшаларға сәйкестігі тексеріледі.

Өңірлік тапсырысқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына отырыста Өңірлік комиссияның тәрағасы мен отырысқа қатысып отырған мүшелері қол қояды.

53. Өтінім мен құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 2 және 5-қосымшаларға сәйкес келмеген жағдайда, өңірлік деңгейде ұйымдастыруши ашу хаттамасына қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде үміткердің электрондық

өтінімде көрсетілген мекенжайына алдын ала рұқсат беру хаттамасынан үзінді көшірмені қоса бере отырып, хабарлама жібереді.

Үміткер хабарламаға сәйкес пысықталған өтінім мен құжаттар тізбесін оны алған қүннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

54. Бұрын ұсынылған өтінімге және хабарламада көрсетілмеген құжаттар тізбесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілмейді.

55. Өнірлік деңгейде ұйымдастыруши хабарлама алған қүннен бастап екі жұмыс күні ішінде үміткер пысықтаған өтінім мен құжаттар тізбесін қабылдайды, сондай-ақ Өнірлік комиссияның қарауына ұсынады.

Хабарлама бойынша өтінім мен құжаттар тізбесі пысықталмаған жағдайда, өтінім мен құжаттар тізбесі үміткерге қайтарылады.

56. Барлық өтінімдер мен құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 2 және 5-қосымшаларға сәйкес келген жағдайда өнірлік тапсырысқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді.

57. Үміткер пысықтаған өтінімді және құжаттар тізбесін алған кезде Өнірлік комиссия екі жұмыс күнінен кешіктірмей өнірлік тапсырысқа қатысуға рұқсат беру хаттамасын қалыптастырады, онда өнірлік тапсырысқа қатысуға жіберілген өтінім берген және осы Қағидаларға 2 және 5-қосымшаларда белгіленген құжаттар тізбесін берген және осы Қағидалардың 55-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген негіз бойынша жіберілмеген үміткерлерді айқындайды.

58. Өнірлік тапсырысқа қатысуға рұқсат беру хаттамасына отырыста өнірлік комиссияның төрағасы және қатысып отырған мүшелері қол қояды.

59. Өнірлік комиссия өнірлік тапсырысқа қатысуға рұқсат беру хаттамасы ресімделген қүннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей отырыста өнірлік тапсырыстың үміткерлерін:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес облыстар үшін;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес республикалық маңызы бар қалалар, астана үшін мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырыс көрсетуге телеарналарды, радиоарналарды, мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды айқындауға арналған балдық бағалау бойынша бағалайды.

60. Жеңімпазды анықтау үшін шешуші өлшемшарт телеарналарды, радиоарналарды, мерзімді баспа басылымдарын, интернет-ресурстарды айқындау үшін:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес облыстар үшін;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Республикалық маңызы бар қалалар, астана үшін мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырыс көрсетуге арналған балдық бағалауға сәйкес өнірлік тапсырыс үміткерлерінің шығармашылық ұсынысы болып табылады.

Шығармашылық ұсыныстың мәлімделген тақырыптық бағыттарға сәйкес келмеуі өнірлік тапсырысты алушан бас тарту үшін негіз болып табылады.

61. Балдық бағалау нәтижелері бойынша Өнірлік комиссия бір тақырыптық бағыт бойынша өнірлік тапсырыс көлемін бір және/немесе бір мезгілде бірнеше үміткерге бөледі.

Мерзімді баспа басылымдары мен интернет-ресурстар арасындағы өнірлік тапсырыс бір тақырыптық бағыт жеңімпаздары арасында балдық бағалауға сәйкес әр жеңімпаздың жинаған балына пайыздық қатынаста бөлінеді.

62. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша рұқсат беру хаттамасы ресімделген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытындылардың алдын ала хаттамасы ресімделеді және отырысқа төраға және өнірлік комиссияның қатысып отырған мүшелері қол қояды.

Ұйымдастыруши өнірлік деңгейде өнірлік тапсырысты алмаған үміткерлерге қорытындылар хаттамасын қалыптастырғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қорытындылардың алдын ала хаттамасынан үзінді көшірмені қоса бере отырып, өнірлік тапсырысты ұсынудан бас тарту себептерін көрсете отырып, өтінімде көрсетілген үміткердің электрондық мекенжайына хабарлама жібереді.

63. Үміткерлер хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұрын хабарлама жіберілген электрондық мекенжайға қорытындылардың алдын ала хаттамасына қарсылықтарын ұсынады.

64. Өнірлік деңгейде ұйымдастыруши Республикалық комиссияның қарауына үміткерлердің шығармашылық ұсынысын қоса бере отырып, қорытындылар хаттамасын қалыптастырғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей өтінімдерді жібереді.

65. Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды қарайды және олардың құжаттарын алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей Заңның 4-7-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өтінімдер мен шығармашылық ұсыныс бойынша тиісті ұсынымдарды жібереді.

66. Қорытындылардың алдын ала хаттамасына қарсылықтар болған кезде Өнірлік комиссия бір жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) үміткерлерден қорытындылардың алдын ала хаттамасына негізделген қарсылықтар келіп түскен жағдайда, қорытындылар хаттамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) қорытындылардың алдын ала хаттамасына қарсылықтар оларды қабылдамаудың негіздемелері мен себептері көрсетіле отырып, қабылдамайды.

67. Шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытындылардың түпкілікті хаттамасы ресімделеді.

Қорытындылардың алдын ала хаттамасына Республикалық комиссияның ұсынымдары болған кезде Өнірлік комиссия бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қажет болған кезде қорытындылардың түпкілікті хаттамасында көрсетілген ұсынымдарды ескереді.

68. Қорытындылар хаттамасына отырыста Өнірлік комиссияның төрағасы мен отырысқа қатысып отырған мүшелері қол қояды.

69. Өнірлік комиссия шешімінің қорытындылары бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары өнірлік тапсырыс жөнімпаздарымен қорытындылар хаттамасына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өнірлік тапсырысты өткізуге шарттар жасасады.

Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға дейін өнірлік тапсырысты өткізуге шарт жасалмаған жағдайда шарттың қолданылуы ағымдағы қаржы жылына өнірлік тапсырысты орналастыруға бөлінген жылдық соманың төрттен бір бөлігінен аспайтын көлемде екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

70. Өнірлік тапсырыс мынадай негіздердің бірі бойынша:

- 1) өнірлік тапсырысқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайда;
- 2) егер өнірлік тапсырысқа қатысуға бірде бір үміткер жіберілмеген болса, орналастырылмады деп танылады.

71. Өнірлік тапсырыс орналастырылмады деп танылған жағдайда, өнірлік деңгейде ұйымдастырушы осы Қағидалардың 44-68-тармақтарына сәйкес өнірлік тапсырысты орналастыруды қайта жүзеге асырады.

Республикалық және өнірлік  
денгейлерде мемлекеттік  
акпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі мемлекеттік  
тапсырысты орналастыру  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

### **Тапсырысты орналастыру туралы ақпараттық хабар**

\_\_\_\_\_ (ұйымдастырушының толық атауы) \_\_\_\_\_ (субъектінің атауы) арасында \_\_\_\_\_ (атауы) деңгейінде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру туралы хабарлайды.

Тапсырысқа қатысуға өтінімдер бар конверттер \_\_\_\_\_ (ұйымдастырушының толық мекенжайы) мекенжайы бойынша жіберіледі, кенсе \_\_\_\_\_ жылғы сағат \_\_\_\_\_ дейін қабылдайды.

Тапсырысқа қатысуға өтінімдер бар конверттер мына \_\_\_\_\_ мекенжай бойынша (мекенжайын толық көрсету) \_\_\_\_\_ (күні мен уақытын көрсету) ашылады.

Үміткер құжаттар тізбесі бар өтінімді \_\_\_\_\_ (атауы) деңгейде ұйымдастырушиға беттерін нөмірлеп, тігілген түрде және соңғы беті оның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) расталған, ашылғанға дейін өтінімнің мазмұнын қарауға мүмкіндік бермейтін мөрмен (бар болған кезде) бекітілген, оның беткі жағында үміткердің толық атауы мен пошталық мекенжайы, ұйымдастырушиның толық атауы мен пошталық мекенжайы, тапсырыстың атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы: "(субъектінің атауын көрсету) АРАСЫНДА (тапсырыстың атауын көрсету) ТАПСЫРЫСҚА" және "(тапсырысқа қатысуға өтінімдерді ашу күні мен уақытын көрсету) ДЕЙІН АШПАҢЫЗ" деген мәтін көрсетілуі тиіс жабық конвертте ұсынады.

Өтінімдер ақпараттық хабарда көрсетілген қабылдау мерзімі өткеннен кейін комиссияның қарауына қабылданбайды.

Қағидалардың 8 және 45-тармақтарына сәйкес қатысу үшін Республикалық және өнірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес өтінімді уақыты беру қажет. Өтінімге Республикалық және өнірлік деңгейлерде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларына 3 және 5-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесі қоса беріледі.

Республикалық және өнірлік  
денгейлерде мемлекеттік  
акпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі мемлекеттік  
тапсырысты орналастыру  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### **Тапсырысқа қатысуға өтінім**

1. Толық атауы (занды тұлғалар үшін) \тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) (жеке тұлғалар үшін): \_\_\_\_\_;
2. Орналасқан жері: \_\_\_\_\_;
3. Телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_;
4. Бұқаралық ақпарат құралының атауы (мерзімді баспа басылымдары, теле-, радиоарналар, интернет-ресурстар): \_\_\_\_\_.
5. Бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою туралы күеліктің көшірмесі (мерзімді баспа басылымдары, теле -, радиоарналар, интернет-ресурстар үшін): \_\_\_\_\_.

6. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы күәліктің көшірмесі (егер қатысушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда).

7. Өтінім берілген тақырыптық бағыттың атауы \_\_\_\_\_

8. Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_.

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) қолы

мөрдің орны (бар болған кезде)

20\_\_ жылғы "\_\_\_"

Республикалық және өнірлік  
денгейлерде мемлекеттік  
акпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі мемлекеттік  
тапсырысты орналастыру  
қағидаларына  
3-қосымша

### **Республикалық тапсырысқа қатысуға арналған құжаттар тізбесі**

1. Телеарналар үшін өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық операторының Қазақстан Республикасының аумағында аналогтік эфирлік және/немесе цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы телеарнаның хабар таратуын ұйымдастыратыны туралы растау хаты;

2) телерадио хабарларын тарату саласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық операторы анықтама берген күннің алдындағы бір айдан астам уақытқа созылатын аналогтік эфирлік және/немесе цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желісі бойынша телеарнаны таратқаны үшін телерадио хабарларын тарату саласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық операторына мерзімі өткен берешегінің болмауы туралы анықтама;

3) қағаз тасығышта таныстырылым түріндегі шығарылған аудиовизуалды өнім жөнінде портфолио;

4) техникалық, шығармашылық және/немесе журналистік блоктар қызметкерлерінің сандық құрамын (жиынтығында) бөле отырып, лауазымдары көрсетілген қызметкерлердің штат кестесі, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) күәландағылады;

5) үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) күәландағылатын өз өндірісіндегі

контенттің апта сайынғы (соңғы екі тоқсандағы) хабар тарату көлемі туралы (пайыздық қатынасы және өз өнімінің тізбесі бар) растау хаты;

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес балдық бағалауда көзделген жанрлар бойынша телеарнаның меншікті аудиовизуалды өнімінің рейтингі бойынша телеөлшеулер жүргізетін тәуелсіз компанияның растау хаты;

7) жазылушыларын көрсете отырып және әлеуметтік желілердің скриншоттарын қоса бере отырып, әртүрлі әлеуметтік желілерде кемінде екі аккаунтының болуы туралы анықтама, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландырылады;

8) тақырыптық бағыттар бойынша шығармашылық ұсыныстар тақырыптық бағыттарға сәйкес көрсетілетін қызметтерді орындау жобасы мен жоба туралы қысқаша ақпаратты және синопсисті қамтиды. Жоба туралы қысқаша ақпарат – тақырыпты, хабарды, жанрды, хронометражды, өндіріс тілін, тұтыну аудиториясын, сондай-ақ осындай жобаны өндіру тәжірибесінің болуын және оны болашақта ілгерілету ауқымының сипаттамасын қамтитын ақпарат, шығармашылық ұсыныстың ресімделуі мен мазмұнын үміткер дербес айқындайды.

## 2. Радиоарналар үшін өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық операторының Қазақстан Республикасының аумағында аналогты эфирлік телерадио хабарларын тарату арқылы радиоарнаның хабар таратуын ұйымдастыратыны туралы растау хаты;

2) үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландыратын интернет-ресурсының болуын не болмауын растайтын құжат;

3) жазылушыларын көрсете отырып және әлеуметтік желілердің скриншоттарын қоса бере отырып, әртүрлі әлеуметтік желілерде кемінде екі аккаунтының болуы туралы анықтама, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландырылады;

4) қағаз тасығышта таныстырылым түріндегі шығарылған аудио өнім жөнінде портфолио;

5) техникалық, шығармашылық және/немесе журналистік блоктар қызметкерлерінің сандық құрамын (жиынтығында) бөле отырып, лауазымдары көрсетілген қызметкерлердің штат кестесі, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландырылады;

6) тақырыптық бағыттар бойынша шығармашылық ұсыныстар тақырыптық бағыттарға сәйкес қызметтерді орындау жобасы мен жоба туралы қысқаша ақпаратты және синопсисті қамтиды. Жоба туралы қысқаша ақпарат – тақырыпты, хабарды, жанрды, хронометражды, өндіріс тілін, тұтыну аудиториясын, сондай-ақ осындай жобаны өндіру тәжірибесінің болуын және оны болашақта ілгерілету сипаттамасының ауқымын, шығармашылық ұсыныстың ресімделуі мен мазмұнын қамтитын ақпаратты үміткер дербес айқындауды.

3. Мерзімді баспа басылымдары үшін өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) әр нөмірдің таралымын көрсете отырып, соңғы айда шығарылған таралымның саны туралы баспаханадан анықтама;

2) үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландарылатын соңғы айдағы мерзімді баспа басылымын шығарудың мерзімділігі туралы анықтама;

3) үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландарылатын газеттің интернет-ресурсының болуын растайтын құжат;

4) жазылушыларын көрсете отырып және әлеуметтік желілердің скриншоттарын қоса бере отырып, газеттің әртүрлі әлеуметтік желілерде кемінде екі аккаунтының болуы туралы анықтама, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландарылады;

5) үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландарылатын журналдың интернет-ресурсының болуын не болмауын растайтын құжат;

6) жазылушыларын көрсете отырып және әлеуметтік желілердің скриншоттарын қоса бере отырып, журналдың әртүрлі әлеуметтік желілерде аккаунттарының болуы немесе болмауы туралы анықтама, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландарылады;

7) техникалық, шығармашылық және/немесе журналистік блоктар қызметкерлерінің сандық құрамын (жиынтығында) бөле отырып, лауазымдар көрсетілген қызметкерлердің штат кестесі, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландарылады;

8) жариялау тәсілдерін, жанрының түрлілігін, оның ішінде ақпарат берудің езекті нысандары мен тәсілдерін сипаттайтын тақырыптық бағыттарға сәйкес

қызметтерді орындау жобасын қамтитын тақырыптық бағыттар бойынша шығармашылық ұсыныстар, шығармашылық ұсыныстың ресімделуі мен мазмұнын үміткер дербес айқындайды.

4. Интернет-ресурстар үшін өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) арнайы веб-ресурстан соңғы айдағы бірегей пайдаланушылардың саны туралы растау құжаты, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (болған болған кезде) куәландырылады;

2) арнайы веб-ресурстан интернет-ресурстың мобильді қосымшасының болуын немесе болмауын растау құжаты, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландырылады;

3) техникалық, шығармашылық және/немесе журналистік блоктар қызметкерлерінің сандық құрамын (жиынтығында) бөле отырып, лауазымдары көрсетілген қызметкерлердің штат кестесі, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландырылады;

4) шығарылған бейне өнімді ауыспалы тасығышта (флеш-карталар, CD, DVD және HDD дискілер) қоса бере отырып, оны өзінің интернет-ресурсында орналастырылғаны туралы сілтеме көрсетілген соңғы жыл ішінде шығарылған бейне өнімнің болуы немесе болмауы туралы анықтама, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады;

5) жазылуышыларын көрсете отырып және әлеуметтік желілердің скриншоттарын қоса бере отырып, әртүрлі әлеуметтік желілерде кемінде екі аккаунтының болуы туралы анықтама, ол үміткердің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландырылады;

6) жариялау тәсілдерін, жанрының түрлілігін, оның ішінде ақпарат берудің өзекті нысандары мен тәсілдерін сипаттайтын тақырыптық бағыттарға сәйкес қызметтерді орындау жобасын қамтитын тақырыптық бағыттар бойынша шығармашылық ұсыныстар, шығармашылық ұсыныстың ресімделуі мен мазмұнын үміткер дербес айқындайды.

Республикалық және өнірлік  
денгейлерде мемлекеттік  
акпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі мемлекеттік  
тапсырысты орналастыру  
қағидаларына  
4-қосымша

**Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі  
мемлекеттік тапсырысты көрсетуге телеарналарды айқындауға арналған балдық  
бағалау**

**1-кесте**

№	Өлшемшарт	Бағалау
<b>1. Өндірістік компанияны сипаттайтын аспектілер</b>		
1	Қазақстан Республикасының аумағында телеарнаның хабар таратуын аналогтік эфирлік және/немесе цифрлық эфирлік телерадио хабарларының тарату арқылы қамту	1% - дан 20% -ға дейін - 1 21%- дан 40% -ға дейін - 2 41%- дан 60% -ға дейін - 3 61%- дан 80% -ға дейін - 4 81% және одан жоғары - 5
2	Техникалық, шығармашылық және журналистік блоктар кызметкерлерінің сандық құрамы (жынытығында)	1 адамнан 10 адамға дейін - 1 11 адамнан 20 адамнға дейін - 2 21 адамнан 30 адамға дейін - 3 31 адамнан 40 адамға дейін - 4 41 және одан көп адам - 5
3	Өз өндірісіндегі контенттің хабар таратуының апта сайынғы көлемі	1% - дан 20% -ға дейін - 1 21%- дан 30% -ға дейін - 2 31%- дан 40% -ға дейін - 3 41%- дан 50% -ға дейін - 4 51% және одан жоғары - 5
4	Телеарнаның өзінің аудиовизуалды өнімдерінің рейтингі (жанр бойынша)	Көркемдік бағдарламалар <0,10 - 1 0,10 – 0,24 – 2 ≥ 0,25 – 3 Ойын-сауық бағдарламалары <0,11 - 1 0,11 - 0,39 – 2 ≥ 0,40 – 3 Ақпараттық бағдарламалар <0,15 - 1 0,15 - 0,49 - 2 ≥ 0,50 – 3 Әлеуметтік-саяси бағдарламалар <0,02 - 1 0,02 - 0,11 – 2 ≥ 0,12 – 3 Гуманитарлық және танымдық бағдарламалар < 0,5 – 1 ≥ 0,5 - 2
